# СӨЖ

# ЖОСПАР:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім:

1. Неке щарттары
2. Отбасы құқығы

III. Қорытынды.

# НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ 1998 Ж. 17 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 321-І ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ (2007.27.07. БЕРІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН)

- Осы Заң Қазақстан Республикасындағы неке-отбасы қатынастарын, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін белгілеп, реттейді, отбасының дамуын Қазақстан Республикасы мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты деп анықтай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

# 1-ТАРАУ. НЕКЕ-ОТБАСЫ ЗАҢДАРЫ



- НЕКЕ - ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ;

- отбасы - некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы;

2. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңдары:

1) еркек пен әйелдің некелі одағының еріктілігі;

2) ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі;

3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік;

4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу;

5) балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық жасау;

6) отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабылетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру;

7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, бұл құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері;

8) отбасының барлық мүшелерін салауатты тұрмыс салтына ынталандыру принциптеріне негізделеді

Неке-отбасы қатынастарындағы құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру

Неке-отбасы құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерді орындау отбасының басқа мүшелері мен құқықтың өзге субъектілерінің құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

2. Неке-отбасы құқықтары заңмен қорғалады, бұған осы құқықтардың мақсатына қайшы келетін жағдайлар қосылмайды.

# Некеге тұру шарттары

Некеге тұру үшін некеге тұрушы еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі қажет

Неке осы Заңның 11-бабында аталған мән-жайлар болған жағдайда қиылмайды.

еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді

Барлық жағдайларда неке жасын төмендетуге тек некеге тұрушылардың келісімімен ғана жол беріледі.

Неке жасы

Неке жасына толмаған адамдар арасындағы некеге ата-аналарының не қорғаншыларының келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін

# Араларында неке қиылуына жол берілмейтін адамдар

біреуі болса да басқа тіркелген некеде тұрған адамдардың

асырап алушылар мен асырап алғандардың

біреуін болса да психикалық ауруының немесе ақыл есі кемдігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған

Отбасының өмір сүру сипатына қарай үш түрі болады.

Дәстүрлі отбасы, бұл ерлі – зайыптылардың, жалпы отбасының құндылығына байланысты.

Ер мен әйел қатынасы кәсіби жетістікке,жеке адамның дамуына бағытталады.

Жас отбасы, мұнда бос уақытты бірігіп те , бөлек те өткізеді

отбасының құқығы бұзылған немесе дауланатын құқықты қорғау жөніндегі өкілетті мемлекеттік органдарды қатыстыру арқылы жүзеге асырылады. Бұлар сот, прокурор, азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАТ) органдары, қамкоршылық органдары, ішкі істер органы.

отбасының құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтар мен ұйымдардың іс-әрекеттері. Азаматтар бұл әрекеттерді мемлекеттік органдардан көмектесуді өтінбей-ақ өздері іске асырады. Мұндай іс-әрекеттерді — құқығын өзі қорғау деп атайды. Мысалы, құқығы бұзылған баланың ата-анасы тәртіп бұзушы баланың ата-анасымен кеңесіп, оған кешірім сұрауға ұсыныс жасайды және т.б.

- ***Отбасы құқығы бойынша неке*** *— бұл «ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ» .*

# БАЛА САНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТӨРТ ТҮРЛІ ОТБАСЫ БОЛАДЫ.

- Көп балалы
- Орташа
- Бір баласы бар
- Баласыз отбасылар

# Ажырасудың негізгі себептері

Жұбайлардың мінез – құлқының, көзқарастарының сәйкеспеуі

Үй жағдайының, әсіресе жастарда, қолайсыздығы

Жыныстық кемшіліктер

Арақ ішу, әсіресе ерлер тарапынан

Балалы болғысы келмеушілік

# Некені сот тәртібімен бұзу

осы Заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ерлі-зайыптыларда кәмелетке толмаған ортақ балалардың болуы;

ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде

ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік талаптары болған жағдайларда жүргізіледі

# ОТБАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТІ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ:

- Халықтың ұдайы өсіп-өнуі, яғни дүниеге нәресте әкелу.
- Балаларды асырап, сақтау
- Балаларды тәрбиелеу жатады.

# Ерлі-зайыптылардың отбасындағы теңдігі

1. Ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады.
2. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауда ерікті.
3. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірлесіп шешеді.
4. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқаты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.

# ҚОРЫТЫНДЫ:

- *Ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Неке және отбасы туралы 1998 ж. 17 желтоқсандағы № 321-I Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасындағы неке-отбасы қатынастарын, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін белгілеп, реттейді, отбасының дамуын Қазақстан Республикасы мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты деп анықтай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Отбасы құрар алдында дұрыс шешім қабылдағаныңыз жайлы дұрыстап ойланған жөн!*

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:


- **1. Қ.И. Оспанов Құқық негіздері; Алматы "Жеті жарғы" 2006**
- **2. *"Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері" Е.Баянов, Алматы,2003 жыл***
- **3. *Интернет желісі:***
- ***http://www.google.kz***
- **4. ҚР конституциясы**

# Назарларыңызға рахмет!!!

